

## Ақкөл ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және қыдырту ережелелін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 наурыздағы № С 2-5 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 сәуірде № 1-3-179 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 маусымдағы № С-6-5

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2012.06.08 № С-6-5**

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 8) тармақшасына, 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексінің 3 бабы 2 тармағына сәйкес, Ақкөл ауданы әкімінің 2012 жылғы 11 наурыздағы № 1/8-246 хатының негізінде, Ақкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ Е Т Т І :

1. Ақкөл ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және қыдырту ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық мәслихат сессиясының төрағасы	Қ.Нұрсалдықов
мәслихат хатшысы	Ж.Салыбекова
«КЕЛІСІЛДІ»	
Ақкөл ауданының әкімі	А.С.Үйсінбаев
бастығы	«Ақкөл ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің С. Қанатов
Министрлігі	«Қазақстан Республикасының ішкі істер істері» Ақмола облысының ішкі істер

Департаменті Ақкөл ауданының  
ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Р.С. Назаров  
«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігі мемлекеттік  
санитарлық -  
эпидемиологиялық қадағалау  
комитетінің  
Ақмола облысы бойынша  
департаментінің  
Ақкөл ауланы бойынша  
мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің

бастығы М.Г. Семеренко  
Ақкөл аудандық мәслихаттың  
2012 жылғы 19 наурыздағы  
№ С 2 – 5 шешімімен  
бекітілген

## **Ақкөл ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және қыдырту Ережелері**

### **1 тарау. Жалпы ереже**

1. Ақкөл ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және қыдырту Ережелері (әрі қарай - Ережелер) Ақкөл ауданы аумағында иттер мен мысықтардың ұстауын және қыдыртуын регламенттеу мақсатымен әзірленген.

2. Ережелер, меншік нысанына қарамастан, иттер мен мысықтарды ұстайтын жеке және заңды тұлғаларға бірдей таратылады. Ерекшелікті тек қызметтік иттері бар құқық қорғау органдары мен тәлімбақтар құрайды.

3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексiне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

## **2 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау жағдайлары**

4. Иттер мен мысықтарды ұстайтын иелеріне санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық ережелерін сақтау керек.

5. Көпқабатты үйлердің қоғамдық орындарында (баспалдақ торларында, жер қабаттарында, дәліздерде) сонымен қатар балкондарда және лоджияларда иттерді ұстауға тыйым салынады.

6. Жеке үй иелеріне иттерді ұстау олардың қашып кетпеуін және үйдің шекарасында ұстауды қадағалау. Үй ауласына кіреберісінде, дарбазада иттер бар екендігі туралы белгі болуы тиіс.

7. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар (көшелерде, үй аулаларында, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда), кәсіпорындар мен мекемелерде иесі байлап кеткен жануарлардан басқасы, қаңғыбас деп есептеледі және қаңғыған иттер мен мысықтарды аулау бойынша арнайы қызметтерімен міндетті аулауға жатады.

Бақылаусыз қалған иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

8. Иттер мен мысықтар Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес, ветеринарлық паспорттар мен нөмірлер беру жолымен сәйкестіндіру шараларынан өтеді.

## **3 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау тәртібі**

9. Иттер мен мысықтардың иелері заңды мәртебесіне және меншік нысанына қарамастан:

1) иттер мен мысықтардың ұстауын осы Ережелердің талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді;

2) қоршағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық ережелерін сақтау үшін қажетті шараларды қолдайды;

3) иттер мен мысықтарды қыдыртқанда пайда болған жалпыға ортақ қолданылатын және басқа да ластанған қоғамдық орындарды тазартады;

4) жануарды егу, карау және ұстауға байланысты шығындарын осыларды жүзеге асырған органдардың барлық шығындарын өтейді;

5) жануарлармен тістелген сонымен қатар жануарлардың қапыда жұт болған барлық жағдайлар жөнінде селолық округтің ветеринарлық инспекторын немесе ветеринарлық қадағалау бөлімін және денсаулық сақтау органдарын хабарландырады; ауруға күмән болған жағдайда, ветеринарлық қызметінің мамандары келгенше, жануарды жеке ұстау, немесе жануарды қоғамдық көлікті

қолданбай мал дәрігеріне жеткізуі тиіс;

б) құлаған жануарлардың өлекселері мал қорымдарында өртеуге, немесе өлексе жағатын пештерде өртеуге міндетті;

7) ветеринарлық қызметкерлерге жануарларды диагностикалық зерттеу және вакцинация мен дегельминтизацияны өткізу үшін олардың талабы бойынша б е р е д і .

10. Жануарлардың құтыру ауруға шалдыққан күдікті фактісі анықталған жағдайда, осы инфекцияға қарсы бұрын идентификация және иммунизация процедураларын өтпегенде-оларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынады және жойылады.

#### **4 тарау. Иттер мен мысықтарды қыдырту тәртібі**

11. Жануарларды қыдырта жүріп, олардың иелері мына ережелерді ұстану к е р е к :

1) иттерді аулада, балалар алаңдарында, мектеп аулаларында, стадиондарда, саябақтарда, скверлерде қыдыртуға болмайды. Қыдыратын орынға жеткенше иттер мен мысықтардың қалдырған (табиғи шығарылымдарын) ластауларын т а з а р т у ғ а ;

2) иттерді арнайы бекітілген, қоршалған жерлерде қыдырту керек, егер осындай жерлер болмаса, иттердің қыдыртуын құла далада жүзеге асырылады;

3) адамдар көп шоғырланатын жерлерде, қоғамдық көліктерде және қоғамдық орындарда иттерді қысқа жіппен және мұрынға киетін құралмен шығару керек. Адам аз жерлерде иттерді ұзын жіппен және мұрынға киетін құралмен қыдыртуға рұқсат етіледі. Қоршалған жерлерде және алыс жерлерде, адамдар жоқ кезде иттерді бос және мұрынға киетін құралды шешпей жіберу рұқсат е т і л е д і ;

4) иттерді түнгі уақытта қыдыртқан кезде олардың иелері тыныштықты сақтау шараларын қамтамасыз етеді.

#### **5 тарау. Қорытынды ережелер**

12. Осы Ережелерді бұзғандығы үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.